



Қазақстан Республикасы кеден органдарының кеден қоймаларын құруының және осындай қоймаларды пайдаланудың ережелерін бекіту туралы

Күшін жойған

Бұйрық Қазақстан Республикасы Кеден комитеті 1996 жылғы 5 маусым N 120-П Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 1996 жылғы 23 шілдеде N 187 тіркелді. Күші жойылды - ҚР Мемлекеттік кіріс министрлігінің 2001.02.09. N 46 бұйрығымен. ~V011444

Қазақстан Республикасы Президентінің Заң күші бар "Қазақстан

Республикасындағы кеден ісі туралы"

Z952368_

Жарлығының ережелерін жүзеге асыру мақсатында бұйрық етемін:

1. "Қазақстан Республикасы кеден органдарының кеден қоймаларын құруының және осындай қоймаларды пайдаланудың ережелері" (қоса тіркеліп отыр) 1996 жылдың 1 маусымынан бастап күшіне ендірілсін.

2. Осы бұйрықтың орындалуына бақылау жасау Төрағаның Бірінші орынбасары Ә.М. Мелдехановқа жүктелсін.

Төраға

Қазақстан Республикасы кеден органдарының кеден қоймаларын құруының және осындай қоймаларды пайдаланудың ережелері

1. Жалпы ережелер

1.1. Кеден қоймасын қоймаға арналған үй-жайлары жұмыс істейтін аймағында орналасқан, қойма қарамағында тұратын кеден органының ұсынуы бойынша кеден басқармасы құрады.

Орталыққа бағынатын кеденнің ұсынуы бойынша кеден қоймасын құру туралы шешімді Қазақстан Республикасы Кеден Комитеті қабылдайды.

1.2. Кеден органының кеден қоймасын құрған кезінде осындай қойманы құруға лицензия талап етілмейді.

1.3. Кеден органдары құратын кеден қоймалары ашық үлгідегі кеден қоймалары, яғни кез келген адамның пайдалана алатын қоймалар болып табылады.

1.4. Кеден органы құрған кеден қоймасы осы қойма жұмыс істейтін аймағында орналасқан кеденнің құрылымдық бөлімшесі болып табылады.

1.5. Кеден қоймасының аумағы кедендік бақылау аймағы болып саналады.

Кеден қоймасын күзету мен өткізу режимін жүзеге асыруды кеден қамтамасыз етеді.

2. Кеден органының құратын кеден қоймасын жайғастыру мен жабдықтау

2.1. Кеден қоймасын жайғастыру тауарлардың түсу және қоймадан олардың кедендік бақылаудан тыс алыну мүмкіндігін болдырмауды және қоймадағы тауарлардың сақталуын қамтамасыз етуі керек.

2.2. Осындай қойма жұмыс істейтін аймағында орналасқан кеден нақты кеден қоймасын жайғастыру мен жабдықтауды анықтайды.

3. Кеден қоймасының кеден режимімен тауарларды орналастыру мен осындай режимді кеден органы құрған кеден қоймасында тауарларды сақтау кезінде пайдалану

3.1. Кеден қоймасының кеден режимімен тауарларды орналастыру мен осындай режимді кеден органы құрған кеден қоймасында тауарларды сақтау кезінде пайдалану осы Ережелерге және Қазақстан Республикасы Кеден Комитетінің 1995 жылғы 16 қазандағы N 147-П Бұйрығымен бекітілген Кеден қоймалары туралы ереженің 1.1., 6.2., 6.6., 6.7., 8.1., 8.4., 11.2., 11.3. тармақтарына сәйкес жүзеге асырылады.

3.2. Кеден органы құрған кеден қоймасына орналастыратын тауарлар Қазақстан Республикасы Кеден Комитетінің 1995 жылғы 26 қыркүйектегі N 127-П Бұйрығына сәйкес толтырылған кедендік жүк декларациясын кеден органына көрсету жолымен декларациялауға жатады.

3.3. Кеден баждарын, қосымша құнға салықты және акциздерді төлеуге, сонымен қатар өзге де кеден төлемдерін салуға кеден қоймасына сақтауға тауарларды орналастырған адам жауап береді.

Кеден қоймасына тауарларды сақтауға орналастырған адам кеден баждарын, қосымша құнға салықты және акциздерді төлеуге, сонымен қатар өзге де кеден төлемдерін салуға жауапкершіліктен (кеден қоймасында сақтау үшін кеден алымдарынан басқалары) егер тауарлар жойылған, авария немесе тежеусіз күш әрекеті салдарынан мүлде жоғалып кеткен не сақтаудың қалыпты жағдайларында табиғи тозу мен кему орын алған жағдайда босатылады.

4. Кеден органы құрған кеден қоймасында тауарларды орналастыру м е н с а қ т а у

4.1. Кеден органы құрған кеден қоймасына орналастырылатын тауарларды сақтау Қазақстан Республикасы азаматтық заңдарына, кеден мен тауарларды осындай қоймаға орналастыратын адам арасындағы сақтау шартына, сонымен қатар осы Ережелерге сәйкес жүргізіледі.

4.2. Сақтау жөніндегі шарт қойма куәлігі түрінде ресімделінеді.

4.3. Қойма куәлігі N 2 қосымшасында келтірілген нысанда үш данада ж а с а л ы н а д ы .

Қойма куәлігінің бірінші данасы кеден қоймасында сақталады және тауарларды қоймадан беруге негіз болады, екіншісі тауарларды кеден қоймасына сақтауға орналастырған адамға беріледі, үшіншісі қаржы есептерін жүргізу үшін п а й д а л а н ы л а д ы .

Қойма куәліктерінің бланктері есеп берудің қатаң қаржы құжаты болып т а б ы л а д ы .

Кеден органы атынан қойма куәлігіне қойма меңгерушісі (оның орынбасары), кеденнің бас бухгалтерінің орынбасары, кеден қоймасында материалды жауапты лауазымды атқаратын лауазымды адам қол қояды. Аталған құжат кеден мөрімен к у ә л е н д і р і л е д і .

4.4. Кеден қоймасына тауарларды орналастыру кезінде қоймаға осындай тауарларды орналастыратын адамның пікірін ескере отырып, кеден органы оларды еркін (нарықтық) бағаларға бағалайды. Бағалау құны қойма куәлігінде к ө р с е т і л е д і .

4.5. Қойма иесі - кеден органы жоғалту, жетіспеу немесе бүлдіру кеден органының кінәсінен орын алатын жағдайда кеден қоймасында сақталатын осындай тауарларды жоғалтқаны, олардың жетіспегені немесе бүлдіргені үшін:

- жоғалтқаны үшін - қойма куәлігінде көрсетілген құнның мөлшерінде;
- жетіспегені үшін - жетіспейтін тауарлардың (тауарлардың жетіспейтін бөлігі) құнының мөлшерінде;
- бүлдіргені үшін - жетіспейтін тауарлардың (тауарлардың жетіспейтін бөлігі) құнының мөлшерінде жауап береді.

4.6. Басқа тауарларға зақым келтіре алатын немесе сақтаудың ерекше шарттарын талап ететін тауарлар арнайы ыңғайластырылған үй-жайларға орналастырылуы тиіс.

4.7. Кеден органы құрған кеден қоймасында сақталатын тауарлар Қазақстан Республикасы Кеден Комитетінің 1995 жылғы 16 қазандағы N 147-П Бұйрығымен бекітілген Кеден қоймалары туралы ереженің 7.1. және 7.2. тармақтарында көрсетілген операцияларды осы Ереженің 7.4. тармағында көрсетілген шарт сақталған жағдайда өткізілуі мүмкін.

Аталған операцияларды кеден қоймасына тауарларды орналастыратын адам немесе кеден органы лауазымды адамының рұқсатымен әкімшілік актісі немесе сенімхат негізінде әрекет ететін оның өкілі жүргізеді.

4.8. Тауарлар кеден қоймасында үш жылға дейін сақталынуы мүмкін. Көрсетілген мерзімді жекеленген адамдар үшін кеден органы шектей алады. Тауарларды сақтаудың шектелген мерзімі кемінде бір жылдан аз болмауы керек.

Жеңілдіктер (кеден баждары мен салықтарынан босату мен төленген сомаларды қайтару) берілетін экспорттың кеден режиміне сәйкес әкетуге арналған тауарлар кеден қоймасында үш айдан артық сақталынуы мүмкін емес.

Тауарлардың белгіленген шектерде нақты сақталу мерзімінің ұзақтығын кеден органымен бірге тауарларды кеден қоймасына орналастыратын адам анықтайды.

4.9. Кеден органымен бірге кеден қоймасына орналастыратын адамның белгілеген тауарларды сақтаудың мерзімі өткеннен кейін тауарлар кеден заңдарының талаптары сақтала отырып, қоймадан әкетілуі тиіс.

Аталған мерзім осы Ережелердің 4.8. тармағының бірінші және екінші абзацтарында белгіленген шектерде ұзартылуы мүмкін. Ұзарту кезінде осы Ережелердің 4.3. тармағында көзделген тәртіпке сәйкес жаңа қойма куәлігі жасалынады.

4.10. Тауарларды сақтаудың шектеулі мерзімі өткеннен кейін тауарлар өзге кеден режимімен орналастыруға мәлімденіп, кеден қоймасынан әкетілуі тиіс.

4.11. Осы Ережелердің 4.9., 4.10 тармақтарында көзделген талаптарды кеден қоймасына тауарларды орналастыратын адам орындамаған кезде белгіленген сақтау мерзім өткен сәттен бастап уақытша сақтау қоймасында жатыр деп қарастырылады.

Бұл ретте осындай сақтаудың шектеулі мерзімі мен сақтау үшін кеден алымдарының мөлшерін қосқанда уақытша сақтау Қазақстан Республикасы Президентінің Заң күші бар "Қазақстан Республикасындағы кеден ісі туралы" Жарлығына және Қазақстан Республикасы Кеден Комитетінің уақытша сақтау қоймаларына қатысты қалыпты актілеріне сәйкес жүзеге асырылады.

4.12. Иесі кеден органы болып табылатын кеден қоймасында тауарларды

сақтағаны үшін тәулігіне таза салмағымен килограммына 0,02 ЭКЮ-ге тең, ал арнайы ыңғайластырылған үй-жайларда (арнайы жабдықтарды пайдалана, ерекше температуралық режимді жасай отырып) сақтағаны үшін тәулігіне таза салмағымен килограммына 0,03 ЭКЮ-ге тең сома мөлшерінде сақтағаны үшін кеден алымдары алынады. Бұл ретте толық емес тәуліктер толық деп саналады, салмақ жуықтау ережелеріне сәйкес толық мөлшеріне дейін жуықталынады.

Кеден қоймасын құрған кеден органдары кеденнің ұсынуымен қойманың орналасқан жерін, қойма қызметтеріне баға үйлесімін және осыған ұқсас экономикалық факторларды ескере отырып, жекеленген кеден қоймаларында сақтағаны үшін кеден алымдарының мөлшерлерін 2 еседен асырмай кемітуі мүмкін.

Кеден қоймасында сақтағаны үшін кеден алымдары қойма куәлігін беру кезінде төленеді.

Егер тауарлар кеден қоймасынан кеден қоймасына тауарларды орналастырған адам кеден органымен бірге белгілеген мерзімнен ерте әкетілетін болса, сақтағаны үшін кеден алымдарының төленген сомалары қайта есептелуге жатпайды және олардың қандайда бір бөлігін кеден органы қайтармайды.

4.13. Кеден қоймасында сақтауда жатқан тауарлар міндетті түрде есепке алынады.

Есепке алу есепке алу кітабын пайдалану арқылы жүргізіледі. Сақтауға қабылданатын және кеден қоймасында сақталатын тауарларды есепке алу кітабы N 3 қосымшаға сәйкес жүргізіледі. Есепке алу кітабы күнтізбелік жылдар бойынша жүргізіледі. Кітап алдын ала тігіліп, нөмірленіп, түптеліп және оған кеден қоймасының меңгерушісі не оның орынбасарының мөрі басылады. Есепке алу кітабы үш жыл бойы сақталады.

Есепке алу кітабы нысанының N 3 қосымшада келтірілген үлгіден мұндай нысанда осы үлгіде аталған барлық мәліметтер бар болған жағдайда ауытқуына жол беріледі.

4.14. Кеден органы адамның осы Ережелермен белгіленген талаптарды орындамайтын жағдайында, сонымен қатар кеден қоймасын жайғастыру мен жабдықтау осындай тауарлардың сақталуын қамтамасыз ете алмаса, кеден қоймасына тауарларды қабылдамайды.

5. Кеден органы құрған кеден қоймасынан тауарларды беру

5.1. Қоймадан тауарларды беру кеден қоймасына тауарларды беру орналастырған адамның өзінің мәлімдеген өзге кеден режиміне сәйкес кеден төлемдерін төлей отырып, Қазақстан Республикасы кеден заңдары талаптарын сақтаған жағдайында жүргізіледі.

5.2. Тауарларды беру тауарлар алған адамның, қойма меңгерушісінің (оның орынбасарының), кеден бас бухгалтері орынбасарының қойған қолдарымен, сондай-ақ қоймадан тауарларды берген, кеден қоймасында жауапты материалдық лауазымды атқаратын адамның қолымен және жеке нөмірлік мөрімен қойма куәлігінде куәлендіріледі.

6. Қорытынды ережелер

6.1. Кеден қоймасы құрылымдық бөлімшесі болып табылатын кеденнің бастығы кеден қоймасын пайдалану ресімін, қоймада сақтаған алынатын тауарлардың түрлерін, қойманың өткізу қабілетін және нақты қойманың жұмыс істеуіне қатысты ресімді бекітеді.

Р е с і м д е :

- қоймадағы жұмыс режимі;
- қоймада тауарларды сақтағаны үшін кеден алымдарының мөлшерлері;
- қойманың жұмыс істеуіне қатысты талаптар мен шарттар көрсетіледі.

Кеден қоймасын пайдаланудың ресімі қойма мен кеден орналасқан жерлерде жалпы танысу үшін ұсынылады.

6.2. Осындай қойманы құрған кеден органы кеден қоймасын жоя алады.

6.3. Қойманы жою қойманың жұмыс істеуін кеден органы қамтамасыз ете алмайтын экономикалық факторлардан, үй-жайлардың күйіне және өзге де жағдаяттарға байланысты қойманы пайдалану мүмкін болмайтын жағдайда кеден қоймасы құрылымдық бөлімшесі болып табылатын кеденнің дәлелді ұсынысымен жүргізіледі.

6.4. Кеден қоймасы құрылымдық бөлімшесі болып табылатын кеден тауарларды сақтауға орналастырған адамдарды қойманы болашақта жою туралы осындай жоюға дейін үш айдан кешіктірмей хабардар етуге міндеті.

Қойманың жойылуына байланысты тауарларды беру кезінде тауарларды сақтауға орналастырған адамға кеден сақтаудың нақты мерзімінің тауарларды сақтауға орналастырған кездегі мерзімге қатынасына қарай сақтағаны үшін кеден алымдарының төленген сомаларының бөлігін қайтарады.

6.5. Осы Ережелердің 6.4. тармағында көрсетілген адамдардың талап етпеген тауарларын иелері кеден органдары болып табылатын осы кеденнің жұмыс істейтін аймағында орналасқан өзге қоймаларға орналастыруын қамтамасыз етеді.

Объективті себептермен аталған қоймаларға тауарлар орналастырылмайтын болса, кеден иелері кеден органдары болып табылатын өзге аймақта орналасқан қоймаларға не иелері өзге адамдар болып табылатын кеден қоймаларына орналастыруды қамтамасыз етеді.

Кеден тауарлардың орналасқан жерін көрсетіп, тауарларын басқа қоймаларға орналастыру туралы кеден қоймасына тауарларды орналастырған адамдарды х а б а р д а р е т у г е м і н д е т т і .

Кеден иелері өзге адамдар болып табылатын кеден қоймаларына тауарларды орналастыру кезінде кеден органы құрған кеден қоймасының жойылған сәтінен бастап бір жыл ішінде тауарларды сақтауға орналастырған адам аталған кеденге қайырылған жағдайда осы Ережелердің 6.4. тармағының екінші абзацында көрсетілген тәртіппен сақтағаны үшін кеден алымдарының төленген сомаларының бөлігін сол адамға қайтарады.

6.6. Осы Ережелердің 6.5. тармағында көзделген жағдайларда тауарларды өзге қоймаларға орналастыру тауарларды талап етпеген адамның есебінен жүзеге асырылады.

6.7. Егер кеден органы қойманы жоюға дейін 3 айдан кешіктірмей тауарларды сақтауға орналастырған тұлғалардың қоймасының болашақта жойылатыны туралы хабардар еткен болса, иесі кеден органы болып табылатын кеден қоймасының жойылуына байланысты тұлғаның шеккен шығыстарын, сонымен қатар алмаған кірістерді кеден органдары өтемейді.

Кеден қоймалары туралы
ережеге N 1 қосымша
Қазақстан Республикасы
Кеден Комитетіне

(тұлғаның толық атауы)

ӨТІНІШ

Ашық (жабық) үлгідегі кеден қоймасын құруға лицензия беруді өтінемін.
Өзім жөнінде төмендегіні хабарлаймын:

1. _____
(толық және қысқартылған заңды атауы, КҰЖЖ коды, заңды

_____ және нақты мекен-жайлары, тіркеу туралы куәліктің тіркеу

_____ нөмірі)

2. _____
(ұлттық және валюталық шоттар, осы шоттар ашылған

банктердің КҰЖЖ кодтары)

3. _____

(қоймаға арналған үй-жайлардың орналасқан жері)

4. _____

(қоймаға арналған үй-жайлардың жалпы алаңы)

5. _____

(қоймаға арналған үй-жайлардың материалдық-техникалық

жарақтандырылудың сипаттамасы)

6. _____

(күзетпен қамтамасыз ету, дабыл беретін құрылғылар мен

өртке қарсы құрал-жабдықтардың болуы)

7. _____

(сақтауға жоспарланған тауарлардың тізбесі)

8. _____

(лицензия беру туралы шешімді қабылдау үшін

пайдаланылуы мүмкін өзге де ақпараттар)

Т.Е. (кәсіпорын не ұйым-

мекеме атынан оның

басшысы)

Қолы

Мөрі

Қосымша: _____

(Ереженің 2.3. тармағына сәйкес өтінішке

тіркелетін құжаттардың тізбесі)

ҚР-сы кеден органдарының кеден

қоймаларын құруының ережелеріне

N 2 қосымша

_____ Бланктің теріс бетінде көрсетілген
(Кеден органының атауы) шарттармен келісемін

(қолы)

N _____ ҚОЙМА КУӘЛІГІ

(кеден қоймасына тауарларды орналастыратын тұлғаның толық атауы немесе аты-жөні)

кеден қоймасына сақтауға төменде аталынған тауарлардың:

№	Тауарларды кеден	Сақтауға қабылданған	Мөлшері	Тауарлардың
р/р	қоймасына орна.	тауарлардың атауы	_____	құны
	ластыру кезіндегі	мен олардың жекелей	орын брут	(теңгемен)
КЖД N	белгілері	саны сал.		
		мағы		
		кг		

Сақтау мерзімі	Сақтау үшін	Сақтау үшін кеден	Тауарларды қоймадан
	кеден алымдары	алымдары сомасы	беру кезіндегі КЖД
алдын	нақты	мөлшері (экю.	(төлемнің валюта.
ала	мен)	сымен)	тының N
анықта.			
лынған			

қабылданғаны туралы 199 ж " _____ " _____ берілді.

Жиынтығы:

(төленуге жататын сақтау үшін кеден алымдарының сомасы

цифрлармен және әріптермен жазылып көрсетілсін)

мөлшері (орын саны, салмағы)

мөлшері (орын саны, салмағы)

қойма меңгеруші.	бас бухгалтер орын.	лауазымды адамның
сінің қолы	басарының қолы	қолы

қойма меңгеруші.	бас бухгалтер орын.	лауазымды адамның
сінің қолы	басарының қолы	қолы

тауарларды сақтауға берген тұлғаның лауазымы, аты-жөні

тауарларды сақтауға берген тұлғаның лауазымы, аты-жөні

ҚАБЫЛДАНЫ

(қолы)

БЕРІЛДІ

(қолы)

мөлшері (орын саны, салмағы)

мөлшері (орын саны, салмағы)

қойма меңгеруші.	бас бухгалтер орын.	лауазымды адамның
сінің қолы	басарының қолы	қолы

қойма меңгеруші.	бас бухгалтер орын.	лауазымды адамның
сінің қолы	басарының қолы	қолы

тауарларды сақтауға берген тұлғаның лауазымы, аты-жөні

тауарларды сақтауға берген тұлғаның лауазымы, аты-жөні

БЕРІЛДІ

(қолы)

БЕРІЛДІ

(КОЛЫ)

1. Осы куәлікте көрсетілген сақтау мерзімі өткеннен кейін тауарларды қоймаға орналастырған тұлға оларды қоймадан әкетуге не мерзімін ұзартуға міндетті. Сақтаудың шектелу мерзімі 3 айдан асуы мүмкін емес.

Тауарларды қоймаға орналастырған тұлғаның кеден органымен бірге анықтаған мерзімді не сақтаудың шектеулі мерзімін сақтамайтын кезінде осындай мерзім өткен сәттен бастап тауарлар уақытша сақтау қоймасында жатқан болып қаралады. Бұл ретте осындай сақтаудың шектеулі мерзімі мен сақтау үшін кеден алымдарының мөлшерін қосқанда уақытша сақтау Қазақстан Республикасы кеден заңдарына сәйкес жүзеге асырылады.

2. Кеден төлемдері мен салықтарын төлеуге тауарларды қоймаға

орналастырған тұлға жауап береді.

3. Сақтау үшін кеден алымдарының сомасын есептеген кезде толық емес тәуліктер толық болып есептелінеді, салмағы жуықтау ережелерімен толық шамаларына дейін жуықталады.

4. Егер тауарлар тауарларды қоймаға орналастырған тұлғаның кеден органымен бірге анықтаған мерзімінен бұрын қоймадан әкетілетін болса, сақтау үшін кеден алымдарының төленген сомалары қайта есептеуге жатпайды және олардың қандай да бір бөлігін кеден органдары қайтармайды.

Кеден қоймалары туралы
ережеге N 2 қосымша

Қазақстан Республикасының
Кеден Комитеті

N 000/0000 ЛИЦЕНЗИЯ

Осы лицензиямен ашық/жабық үлгідегі кеден қоймасын құруға
рұқсат етіледі.

(керексізі сызылып тасталынсын)

(үй-жайлардың орналасқан жері мен олардың жалпы алаңы шаршы

метрмен)

Осы лицензияның қолданылуы күшінің мерзімі 199__ жылы "_____"
_____ бітеді.

М.О. 199__ жылы "___" _____

Кеден қоймасын құруға лицензияның нөмірі төмендегідей жасалады:

алғашқы үш цифр - қойманы құрушының қызметі аймағында
орналасқан кеден органының коды
соңғы төрт цифр - лицензияның реттік нөмірі